

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің «Тіл-әдебиет пәнінің рухани әлемі- тәрбиенің басты құндылығы» тақырыбында апталық оздырылды.

Апталықтың алғашқы күні мектеп дәлізінде оқушыларға танымдық нақылсөздер мен тілдік грамматикалық тапсырмалар ілінді. 6-7 –сынып оқушылары арасында «Квест» ойыны оздырылды. Оқушылар мектеп ішінде маршрут картасымен жүріп отырып, әр кабинеттегі тілдік-әдеби тапсырмаларды орындады. Ойын аяғында оқушыларға тапқырлықтары мен шапшаңдықтарына қарай бағаланып, орындар тағайындалды. Сейсенбі күні 11- сыныптарда «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері- тәрбиенің қайнар көзі» эсселер байқауы оздырылып, қорытындысында Амангелді Аймекен 1- орын, Жанат Аяулым 2- орын, Кужахметова Мадина 3- орын иеленді. Өзіндік ой тұжырым білдіріп, тұшымды ой жазған жұмыстар үздік деп танылды. 8.02 күні 10 «а», 10 «Б» сыныптары арасында «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Екі топтағы спикерлер өзара пікірлерін қорғап, басымдық интернет алмастыра алады позициясын қолдаушы топ басым болды. Оқушылар «мақтау грамоталарымен марапатталды.

09.02 күні 5а-сыныбында музейтану үйірмесі бойынша "Театр-мәдениеттің ошағы" тақырыбында ашық сабақ оздырылды. Оқушылар театр мәдениеті туралы ақпараттар алып, рөлдік ойындар арқылы көрініс көрсетті.

09.02. күні апталық аясында 8а-сыныбында "Отан! Табиғат! Жер-Ана!" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А. У. Нурмуханбетова ашық сабақ өткізді. Оқушылар топтық жұмыста тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.

09.02 күні поэзияның мұзбалағы, ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жылдығына орай "Мен өмірді жырлау үшін келгенмін..." атты әдеби сазды кеш өтті. Поэзия кешінде оқушылар ақынның жырларын айтып, әндерін шырқады.

11.02 Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы қарсаңында «Ахмет Байтұрсынұлы- көсемсөз шебері» атты жоғары сынып оқушылары арасындағы ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Конференцияға 9-10-сынып оқушылары қатысып, ақынның өмір белестері, шығармашылығы, саяси- қоғамдық қызметі туралы баяндамалар оқылды. Қазылар алқасының шешіміне сәйкес 10б сынып оқушысы Қуатова Рената, 10а сынып оқушысы Исатаева Назерке, 9а сынып оқушысы Сатыбалды Гүлкерімнің жұмыстары «үздік» деп танылып, мақтау қағазымен марапатталды.

11.02 "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Ы. Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы" READx форматында сыныптан тыс шара өтті. Бұл шараға 5,6-сынып оқушылары қатысып, ұлы жазушының тәрбиелік мәндегі әңгімелеріне талдау жасады, өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Оқырмандарды қызықтыра отырып, әңгімелерін оқуға ұсыныс білдірді. Осы шара соңында апталық қорытындыланып, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

